

УДК 338.001.36

**ЗАМАНАУИ НАРЫҚТАҒЫ АУТСОРСИНГ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЦИФРЛАНДЫРУ  
ШАРТТАРЫНДАҒЫ РӨЛІ**

**Каирова Айман**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050800 «Есеп және аудит»

«Есеп және аудит» мамандығының білім алушысы

Ғылыми жетекшісі - Р.С.Данаева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университеті, «Есеп және талдау »

кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Нұр-Сұлтан қ.,Қазақстан

[danaeva73@mail.ru](mailto:danaeva73@mail.ru)


Нарықтық экономика жағдайында экономикалық қызметтің барлық экономикадағы негізгі буыны – бұл кәсіпорын. Сондықтан да бұл деңгейде қоғамға қажетті өнім өндіріліп, қызмет көрсетілуі тиіс. Бұған байланысты ресурстарды үнемдеп жұмсау, жоғары өнімді техникалар мен технологияларды қолдану мәселелері маңызды болып отыр. Кәсіпорындардың дербестігі өсіп, олардың экономикалық және заң алдындағы жауапкершіліктері артты. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы тұрақтылығының мәні жоғарылады.

Шаруашылық субъектілерінің қызмет ету тиімділігін қамтамасыз ету шаруашылық қызметін экономикалық тұрғыдан сауатты басқаруды талап етеді, ал ол өз кезегінде шаруашылық қызметін талдаумен тығыз байланысты. Экономикалық талдау көмегімен кәсіпорын қызметінің нәтижесі мен оған әсер етуші факторлардың даму тенденциясы, өзгеру себептері жан-жақты терең талданады, басқарушылық жоспарлары мен шешімдері негізделеді, олардың орындалуына бақылау жүргізіледі, өндіріс тиімділігін арттыру резервтері анықталады. Аутсорсингтің қызметінің мәні – мердігердің қызметі кәсіпорынға өздері жасағанға қарағанда арзан әрі сапасы жоғары болып табылады. Өндірістен қызмет көрсету экономикасына өтуінің жоғарылауы аутсорсингтің нығаюына беталыс берді, сонысымен бизнестің одан әрі жоғарылауына талпыныс тудырады. Әрине, аутсорингті қандай көлемде жасау керектігі көптеген сұрақтарға байланысты болып келеді, мысалы, өнім түріне, бәсекелестіктің әлеуетті күшіне немесе пайда көлеміне, сонымен қатар шығындардың ұнамды деңгейі [1].

Қазіргі таңда аутсорсингтік операциялар кеңінен қолданылатын салалар бар. Солардың бірі – ақпараттық технологиялар саласындағы аутсорсинг. Корпоративті ақпараттық жүйенің дамуы – аутсорсингтің дамуына алып келді. АТ-аутсорсингтің ең қарапайым мысалы: сайттар бойынша хостингті жатқызуға болады. Осы саладағы әлемдік танымал IBM және HP компаниялар болып табылады.

Сонымен қатар, осы саладағы қызмет түрлеріне IP-телефония, АТ-аудит, мәліметтер базасы, консалтингті жатқызуға болады.

Аутсорсингтің негізгі қағидалары төмендегі сызбада көрсетілген:



Ескерту-сызба мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

Аутсорсинг қызметке тапсырыс беруші компанияның негізгі қызметі болып табылмайтын қосымша жұмыстарға деген еңбек көлемін және шығынының мөлшерін азайтып, өзінің негізгі бизнес үрдістеріне шоғырлануына мүмкіндік береді.

Аутсорсинг икемді бюджет пен бақылауға көп мүмкіндік береді. Оның арқасында организациялар тек керек қызметтерге төлеп, мамандырылған қызметкелерді жалдау және оқыту қажеттілігінен босатылады. Оған қоса, аутсорсинг жаңа инженерлік сараптамасын әкеліп, атқарымдық шығындардың қатерін азайтады. Жақында, жанартпашылық бизнес үлгілері аутсорсинг құнын төмендетуге көмектесу үшін әзірленді.

Аутсорсинг нарығының бизнес - процесі жоғары дәрежеде өсіп келеді. Қазіргі кезде ВРО дүниежүзілік нарығында 6 американдық компания көш бастап тұр, олар : IBM, Accenture, EDS, Affiliated Computer Services, Computer Sciences және HP. Дегенмен, бұл нарықта еуропалық компаниялардың үлесі де артып келеді. Дәрілік және химиялық заттар шығаратын Bayer AG компаниясының құрылымынан шыққан Bayer Business Services компаниясы, сонымен қатар, еуропалық аутсорсинг компаниясының технологиялық платформасы болып табылатын SAP компаниясы[3].

Кемшіліктерге қарамастан, Қазақстандық аутсорсингтен түсетін пайда көлемі жыл сайын артуда. Бұл көрсеткіштерді жыл сайын Қазақстан Республикасының индустрия және жаңа технологиялар Министрлігі үнемі бақылауда ұстап отырады. Министрліктің болжауы бойынша, болашақта қазақстандық аутсорсингтік компаниялардың қаржысы жыл сайын 27 %-ға артады деп есептейді [2] .

Бүгінгі жаһандану өте жылдам жүріп жатқан заман ағысынан Қазақстан да қалыспай, экономиканы өрлету барысында, әр кәсіпорының шаруашылық қызметінің тиімділігін арттыру жолдарын қарастырады. Осы негізде әр кәсіпорынның жүргізіп отырған шаруашық операциясы мен саясаты маңызды орында.

Кәсіпорынның бухгалтериясында аутсорсингтік қызметті пайдаланудың маңызы мен мәні өте жоғары. Сонымен қатар, аутсорсингтік қызметті пайдалану арқылы кәсіпорынның шаруашылық қызметі барысында туындайтын шығындарды азайту операциялары қарастырылады. Яғни, жетілдірілген аутсорсингтік арқылы көрсетілетін қызметтің сапалы түрі айқындалады. Қазіргі таңда көптеген компаниялар аутсорсингтік қызметтің сан түрлі түрін пайдалану арқылы нарықтағы өз беделін және қызмет көрсету сапасын арттыруға қол жеткізеді. Бухгалтерлік қызметте де аутсорсинг қызметін пайдаланудың тиімді жақтары көп. Сол сапалы, тиімді жақтарды ажырата отырып , компания алдағы қызметінде нәтижелі қызмет етеді.

Аутсоринг бизнестің, тіршіліктің және қызметкерлерді озаттыққа итермелеудің, қазіргі заманға сай компаниясының тез өрлеуінде ең нәтижелі жол кепілі болып есептеледі. Әр бөлімнің жұмысы компанияның өрлеуіне пайдасын тигізетінін білеміз. Сапасыз басқару компанияның іс әрекетіне, атына зиян келтіретінін білеміз. Сондықтан да, заманның ағымына сай аутсорсингтік қызметтің жетілуі және оның жетілдірілу жолын қарастырып оны тәжірибеге енгізу алдағы заман талабы. Демек, аутсорсингтің цифрландыру тұрғысындағы жетілдіру жолдарын қарастыру заман талабы екендігі айқын.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Б.Н.Исабеков. Governmental support of entrepreneurship and ways of performing development program //Институт экономических исследований. Экономика, финансы, инструменты – Астана, 2011, № 2.
2. Б.Н.Исабеков. Дағдарыс жағдайында отандық өндірісті ұйымдастыру мәселелері // А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы, 2009, № 2.
3. Интернет ресурсы: <https://bridge-group.ru/news/detail/144>